

Юю дыбысы мен әрпі





Ұйымдастыру бөлімі:

Психологиялық дайындық:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Сәлем бердік сіздерге

Құрметпенен біз.

Өткен сабақты қайталау:

Өткен сабақтан алған білімді еске түсіру

1. “Я” дыбысы қандай дыбыс?.

2. “Сұр қоян” өлеңін жатқа айту.

3. Оқулықпен жұмыс.

Кісі, жер-су аттарын айтқызу.

4. Топтастыру.


Я дыбысы бойынша алған білімдерін пысықтау.

Кісі аттары

**Аян, Баян, Сая,
Әсия, Әлия,
Ғалия, Данияр.**

Жер – су аттары

**Баянауыл, Аягөз,
Сырдария,
Әмудария**



Жаңа сабақ:

Жұмбақ шешу

**1. Қыс бойы жатады,
Тәтті ұйқыға батады.**

(аю)

**2. Аюда бар,
Тиінде жоқ.
Оюда бар,
Түйінде жоқ.**

(ю)

1. Аю,ою сөздерін атау.

2. Ю дыбысын хормен айту.


Ю дауысты, қосарлы дыбыс (й+у).(сөздер ойлау)

3. Ю дыбысы сөздің ортасында, аяғында келеді.

4. Ю әрпінің баспа жазба түрлерімен таныстыру



Сурет бойынша жұмыс:



Оқулықпен жұмыс:

Сөздерді оқу.

а ю қо ю құ ю сү ю е сею а заю
о ю қи ю тү ю кү ю үл ке ю кө бе ю

Мәтінмен оқу.

Ою

Менің әжем сырмақ сырды. Сырмаққа ою ойып салды. Ою әдемі болды.

Жақсы көрем

Шай ішетін қоюлап

Жақсы көрем атамды

Сырмақ сырған оюлап

Жақсы көрем апамды.





Сергіту сәті:

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Дәптермен жұмыс: 1) “ ю ” әрпін жазу



2) Көрү диктанты



Топтық жұмыс:

I. “Жоқ буынды тап” ойыны

Қи ..., са ..., та, үл, құ

II. “Буындардан сөз құра” ойыны

Қи, ян, ша, яр, ю, үл, та, ке, я.

III. Сөздерде неше буын бар

Кереге, аю, дария, түю.

Жаңа сабақты қорыту:

Сұрақ – жауап:

1. Қандай дыбыстармен таныстық?
2. “Ю” қандай дыбыс?
3. “Ю” сөздің қай жерлерінде кездеседі?

Оқушы білімдерін мадақтау.

